

**Ақылы білім беру қызметін көрсету туралы  
№ \_\_\_\_\_ КЕЛІСІМШАРТ**

Қостанай қ. «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын Білім мен ғылым саласындағы бақылау бойынша федералдық қызметпен 2016 ж. 21 шілдесінде №2283 берілген сериясы 90Л01 № 0009357 лицензиясының негізінде білім беру қызметін жүзеге асыратын «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі (бұдан әрі – білім беру мекемесі, Университет) атынан 09.06.2020 ж. берілген № 59 сенімхат негізінде әрекет ететін «ЧелМУ» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалының директоры Р.А. Тюлегенова және бұдан әрі «Білім алушы» деп аталатын \_\_\_\_\_ мүдделері үшін

бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын \_\_\_\_\_ (оқуға түсуші тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

атынан \_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші өкілінің уәкілеттілігін растайтын құжаттың деректемелері)

\_\_\_\_\_, бірлесіп аталуы \_\_\_\_\_ (Тапсырыс беруші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

«Тараптар», төмендегідей ақылы білім беру қызметін көрсету туралы осы Келісімшартты (бұдан әрі - Келісімшарт) жасасты:

**Келісімшарт мәні**

1.1. Орындаушы Федералдық мемлекеттік білім беру стандартына, оқу жоспарларына, сонымен бірге Орындаушының жеке және білім беру бағдарламаларына сәйкес білім беру қызметін көрсетуге, ал

Тапсырыс беруші жоғары білім берудің негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасы - \_\_\_\_\_, бағдарламасы бойынша \_\_\_\_\_ (деңгейі)

\_\_\_\_\_ (шифры, дайындық (мамандық) бағыты)

дайындық(мамандық) бағыты (бұдан әрі –білім беру бағдарламасы) бойынша, \_\_\_\_\_ оқу нысаны бойынша оқу ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Келісімшартқа қол қою кезіндегі білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі (оқу ұзақтығы) \_\_\_\_\_ құрайды. Жеке оқу жоспары, сонымен бірге жедел оқыту бойынша оқу мерзімі \_\_\_\_\_ құрайды.

Оқытудың нақты мерзімі 0 \_\_\_\_\_ құрайды.

1.3. Білім алушы білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін және мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткеннен кейін оған білімі туралы және біліктілігі туралы құжат, диплом, беріледі бакалавр.

(білімі туралы және біліктілігі туралы құжат атауы)

оның үлгісі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты айқындау мен нормативтік-құқықтық реттеу бойынша функциялары жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералдық органымен бекітіледі.

1.4. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өтпеген немесе мемлекеттік қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже көрсеткен тұлғаларға, сондай-ақ, білім беру бағдарламасының бөлігін меңгерген не (немесе) Университеттен шығарылған тұлғаларға Университетте бекітілген үлгі бойынша оқу туралы немесе оқу мерзімі туралы анықтама беріледі.

**II. Тараптардың өзара әрекеттестігі**

2.1. Орындаушы құқылы:

2.1.1. Өз бетінше білім беру үрдісін жүзеге асыруға, бағалау жүйесін, Білім алушылардың аралық аттестаттауын өткізу тәртібі мен мерзімділігін белгілеуге.

2.1.2. Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы заңнамаларына, Орындаушының құрылтай құжаттарына, осы Келісімшартқа және Орындаушының ішкі нормативтік актілеріне сәйкес Білім алушыға қатысты мадақтау шаралары мен тәртіптік жаза шараларын қолдануға.

2.1.3. Білім беру қызметін жүзеге асыру туралы, оқу ақысын төлеу бойынша қарыздың болғаны туралы, сондай-ақ, осы Келісімшарттың шарттарын бұзу фактілері бойынша түсініктеме талап ету туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге (Білім алушыға) осы Келісімшартта көрсетілген электрондық пошта арқылы (e-mail) немесе смс-хабарлама түрінде телефон нөміріне хабарлауға. Көрсетілген тәсілдер арқылы хабарламаны дұрыс жіберген жағдайда, бұл тараптармен Тапсырыс берушінің (Білім алушының) хабардар етудің дұрыс тәсілі деп қабылданады.

2.2. Тапсырыс беруші құқылы:

2.2.1. Осы Келісімшарттың I тарауымен қарастырылған дұрыс қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша Орындаушыдан ақпарат алуға.

2.2.3. Білім алушыға «Ресей Федерациясындағы білім беру туралы» 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 273-ФЗ Федералдық заңның 34-бабының 1 бөліміне, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» 27.07.2007 ж. № 319 III Заңына сәйкес академиялық құқық беріледі. Сондай-ақ, Білім алушы құқылы:

2.3.1. Осы Келісімшарттың I тарауымен қарастырылған дұрыс қызмет көрсетуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша Орындаушыдан ақпарат алуға.

2.3.2. Ішкі нормативтік актілермен бекітілген тәртіп бойынша Орындаушының білім беру бағдарламасын меңгеру үшін мүлкін пайдалануға.

2.3.3. Ішкі нормативтік актілермен белгіленген тәртіп бойынша Орындаушы ұйымдастырған әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, спорттық, ғылыми-ізденушілік, және басқа да іс-шараларға ат салысуға.

2.3.4. Өз білімін, дағдыларын мен құзыреттерін бағалау туралы, сондай-ақ ол бағалаудың критерийлері туралы толық және шынайы ақпаратты алып отыруға.

2.4. Орындаушы міндетті:

2.4.1. Ресей Федерациясының заңнамасымен, Орындаушының құрылтай құжаттарымен, ішкі нормативтік актілерімен белгіленген қабылдау шарттарын орындаған Білім алушыны білім алушы ретінде қабылдап, тіркеуге.

2.4.2. Тапсырыс берушінің Ресей Федерациясының 1992 ж. 07 ақпанындағы № 2300-1 «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңымен, Қазақстан Республикасының 04.05.2010 ж. № 274-IV «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» Заңымен, 2012 ж. 29 желтоқсандағы № 273-ФЗ «Ресей Федерациясындағы білім беру туралы» Федералдық заңымен және Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319 III «Білім беру туралы» Заңымен қарастырылған көлемде және тәртіп бойынша ақылы білім беру қызметін көрсету туралы мәліметті құрайтын ақпараттан хабардар етуге.

2.4.3. Федералдық мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына, оқу жоспарына, сондай-ақ, Орындаушының жеке жұмыс жоспарына, және оқу сабақтарының кестесіне сәйкес, осы Келісімшарттың I тарауымен қарастырылған білім беру қызметінің дұрыс көрсетуін ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге.

2.4.4. Білім алушыға таңдап алған білім беру бағдарламасымен қарастырылған оны меңгеру жағдайын қамтамасыз етуге.

2.4.5. Білім алушыдан не (немесе) Тапсырыс берушіден білім беру қызметі үшін ақыны қабылдап алуға.

2.4.6. Білім алушының адамдық абыройын құрметтеуді, физикалық және психикалық күш көрсетудің барлық түрлерінен, тұлғасын қорлаудан қорғауды, өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге.

2.5. Тапсырыс беруші не (немесе) Білім алушы міндетті:

2.5.1. Осы Келісімшарттың I тарауында көрсетілген, Білім алушыға көрсетілетін білім беру қызметтері үшін, осы Келісімшартпен белгіленген тәртіп бойынша және көлемде уақытылы ақы төлеуге, сондай-ақ ол төлемді растайтын төлем құжаттарын тапсыруға.

2.5.2. Білім алушы өз қалауы бойынша немесе Орындаушының бастамасы бойынша оқудан шығарылған жағдайда Тапсырыс беруші оқудан шығару бұйрығы күніне дейінгі Білім алушының таңдап алған бағыты немесе мамандығы бойынша дайындықта жіберген нақты шығындарының орнын толтыруға міндетті.

2.5.3. Заңды мекенжайы, тұратын жері, төлқұжаттағы мәліметтері өзгерген жағдайда немесе тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен жағдайда, ол өзгерістер туралы 10 жұмыс күні ішінде Орындаушыны хабардар етуге.

2.5.4. Кезекті оқу жылына инфляция деңгейін ескере отырып, Орындаушыға жүгіну арқылы осы Келісімшарттың 3.3. бөлімімен қарастырылған ақы төлеудің 1 кезеңінің басталуына дейін білім беру қызметінің ақысының көбеюі туралы қосымша келісім жасасуға.

2.6. Білім алушы міндетті:

2.6.1. Оқу сабақтарына кестеге сәйкес қатысуға. Білім алушының семестр бойы сабаққа қатыспауы Келісімшартты орындаудан бір жақты ерікті бас тарту болып табылмайды.

2.6.2. Аталмыш жағдайлар басталған кезден бастап 20 күннен аспайтын мерзімде Орындаушының сабақтарға, емтихандар мен сынақтарға қатыспау себептері туралы хабардар етуге.

2.6.3. Оқу сабақтарына дайындалу бойынша Орындаушының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерімен берілген тапсырмаларды, сәйкесінше мамандықтың (бағыттың) оқу жоспарымен қарастырылған бақылау тапсырмалары мен курстық жұмыстарын орындауға.

2.6.4. Мекеменің қабылданған регламентіне сәйкес, оқу жұмыс жоспарымен (жеке жұмыс жоспарымен) қарастырылған емтихандар мен сынақтарды уақытылы тапсыруға.

2.6.5. Жарғы, ішкі тәртіп ережелері және Орындаушының басқа да ішкі нормативтік актілерінің талаптарын, оқу тәртібін және жалпыға бірдей жүріс-тұрыс нормаларын сақтауға, сонымен бірге Орындаушының ғылыми-педагогикалық, әкімшілік-шаруашылық, оқудағы көмекші және басқа да қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа білім алушыларға құрметпен қарауға.

2.6.6. Орындаушының мүлкіне мұқият қарауға.

2.6.7. Білім алу барысында алған электрондық-әдістемелік материалдарды үшінші тұлғаларға қолжетімді етпеуге.

2.6.8. Пошталық корреспонденцияны Келісімшартта көрсетілген мекенжай бойынша, сондай-ақ электрондық пошта арқылы хаттарды Келісімшартта көрсетілген мекенжай бойынша алып отыруға.

2.6.9. Өз қалауы бойынша оқудан шығатын жағдайда Орындаушыны 10 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етуге, олай болмаған жағдайда, Орындаушының бастамасы бойынша оқудан шығарылу кезіндегі нақты шығындарды Орындаушыға етуге.

**III. Білім беру қызметінің құны, оларды төлеу мерзімі мен тәртібі**

3.1. Білім алушының барлық оқу мерзімі үшін білім беру қызметінің толық құны \_\_\_\_\_ теңгені құрайды. Кезекті оқу жылындағы білім беру қызметтерінің құны Университет ректорының жыл сайынғы бұйрығымен белгіленеді. Кезекті оқу жылына білім беру қызметтерінің құны Университеттің <http://www.csu.ru> сайтында жарияланады.

Осы Келісімшарт жасалғаннан кейін білім беру қызметтері құнының өсуіне жол берілмейді, бірақ кезекті қаржылық жыл мен жоспарлы кезеңдегі Федералдық бюджеттің негізгі сипаттамаларымен қарастырылған инфляция деңгейін ескере отырып, көрсетілген қызметтер құнының өсуі есептелмейді. Инфляция деңгейін ескеруімен жасалған білім беру қызметі өңделуі осы Келісімшартқа қосымша келісіммен рәсімделеді, ол жазбаша түрде жасалады және осы Келісімшарттың 3.3. бөлімімен қарастырылған 1 кезеңнің төлем мерзімі басталғанға дейін Тараптардың қолы қойылады.

3.2. Тараптардың осы келісімшартқа қосымша келісімдерін осы келісімшарттың 8 тарауында көрсетілген сәйкесінше қол қойылған және мөрмен бекітілген құжаттардың сканерленген көшірмелерін электрондық пошта мекен-жайы бойынша алмасу жолымен жасалуына рұқсат етіледі, сондай-ақ аталған құжаттардың заңды күші бар деп танылады. Басқа тараппен жіберілген сәйкесінше құжаттың сканерленген көшірмесі жіберілген сәттен бастап алынды деп саналады.

3.3. Төлем келесі тәртіп бойынша жасалады:

1 кезең-оқу ақысының жылдық соммасының 50 % көлемінде: кезекті жылға оқу ақысын бекіту туралы бұйрықтың шыққан кезден бастап 28-інші тамызға дейін (кезекті оқу жылының басына дейін);

2 кезең - оқу ақысының жылдық соммасының 50 % көлемінде: ағымдағы оқу жылының 20 желтоқсанға дейін.

3.4. Төлем қолма-қол ақшасыз тәртіппен осы Келісімшарттың VIII тарауында көрсетілген шотқа төленеді. Орындаушының есептік шотына қаржы құралдарының нақты түсу күні төлем жасалған күн деп есептеледі. Қолма-қол ақшасыз төлем жасау кезінде банктің қаржы құралдарын Орындаушының шотына аударуды жүзеге асыру мерзімін ескерген жөн. Орындаушының банктік деректемелері өзгерген жағдайда, сәйкесінше ақпарат Орындаушының ғимаратындағы ақпараттық стендте, Орындаушының ресми сайтында орналастырылады, сондай-ақ, Тапсырыс берушінің (Білім алушының) талабы бойынша беріледі.

3.5. Осы Келісімшарттың 3.3. бөлімімен белгіленген 1 кезеңнің төлеу «ЧелМУ» ЖББ ФМББМ қабылдау ережелерімен және конкурспен қарастырылған ақшаны ала төлем ретінде оқуға түсу сынақтарының басталуына дейін жасалуы мүмкін, және ол оқуға түсу сынақтарына өтпей қалған немесе «ЧелМУ» ЖББ ФМББМ-да оқуға тіркелуден бас тартқан жағдайда толық көлемде қайтарылады.

3.6. Келісімшарт оқу жылы басталғаннан кейін жасалған жағдайда, оқытудың бірінші кезеңінің төлемі Келісімшарттың 3.3. бөлімімен белгіленген көлемде Орындаушының есептік шотына Келісімшарт жасасқан күннен бастап бес күн ішінде төленуі керек.

3.7. Тапсырыс беруші ауысқан немесе оқуға қайта алынған жағдайда, Тапсырыс берушімен (Білім алушымен) таңдалған мамандыққа (дайындық бағытына) белгіленген, ағымдағы оқу жылындағы нақты оқу мерзімі мен оқу жоспарларындағы айырмашылықты есепке ала отырып, ағымдағы оқу жылына белгіленген білім беру қызметінің құнын төлейді. Тапсырыс беруші білім беру қызметі үшін төлемді Тапсырыс беруші

(Білім алушы) оқуға қайта алынғаннан, ауысқаннан кейін бес күн ішінде төлеуі қажет.

3.8. Орындаушы Келісімшарт бойынша Білім алушы үшін ақылы білім алу қызметінің құнын төмендетуге құқылы.

Ақылы білім беру қызметінің құнын төмендету негіздері мен тәртібі Орындаушының ішкі нормативтік актілерімен белгіленеді және Білімалушыға хабарланады.

3.9. Ерекше жағдайларда жазбаша дәлелді өтініш бойынша Тапсырыс берушіге білім беру қызметінің төлемін бөліп төлеу белгіленуі мүмкін.

#### IV. Келісімшартты өзгерту және бұзу тәртібі

4.1. Осы жасалған Келісімшарт негізіне енген шарттар Тараптардың келісімі бойынша немесе Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

4.2. Осы Келісімшарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

4.3. Осы Келісімшарттың мерзімі мерзімінен бұрын тоқтатылады:

4.3.1. Білім алушының немесе көмекшіге толмаған Білім алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) қалауымен, сонымен бірге Орындаушының мекенжайына сәйкесінше өтініш жіберу жолымен, Білім алушының білім беру қызметін жүзеге асыратын басқа мекемеге білім беру бағдарламасын менгеруді жалғастыру үшін ауысқан жағдайда.

4.3.2. Келесі жағдайларда Орындаушының қалауы бойынша келісімшарт бір тараптан бұзылуы мүмкін:

а) 15 жасқа толған білім алушыға тәртіптік жаза ретінде оқудан шығаруды қолдану;

б) кәсіптік білім беру бағдарламасы (білім беру бағдарламасының бөлігі) бойынша білім алушының осындай білім беру бағдарламасын (білім беру бағдарламасының бөлігін) менгеру және оқу жоспарын орындау бойынша міндеттерін орындамауы;

в) Білім алушының кесірінен оның осы білім беру мекемесіне заңсыз тіркелуіне әкеліп соқтырған Университетке қабылдау ережелерінің бұзылуының анықталуы;

г) ақылы білім беру қызметтерінің құнын төлеуді кешіктіру;

д) Білім алушының әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан ақылы білім беру қызметін көрсету бойынша міндеттерін толық орындай алмау.

4.3.3. Білім алушының немесе көмекшіге толмаған Білім алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) және Орындаушының еркінен тыс жағдайлар бойынша, сонымен бірге Орындаушы жойылған жағдайда.

4.4. Білім алушының шығындарын толық өтеген жағдайда, Орындаушы Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы.

4.5. Білім алушы Орындаушыға оның жіберген нақты шығындарын өтеген жағдайда осы Келісімшартты орындаудан бас тартуға құқылы.

4.6. Академиялық демалыс алу жағдайында осы Келісімшарттың мерзімі академиялық демалыс уақытына ұзартылады. Академиялық демалыстың барлық мерзіміне оқу ақысы алынбайды.

4.7. Білім алушы пайда болған дауларды шешу үшін дау пайда болу кезіндегі Білім беру қатынастары қатысушылары арасындағы дауларды реттеу бойынша комиссия туралы ережемен белгіленген тәртіпте және мерзімде Білім беру қатынастары қатысушыларының арасындағы дауларды реттеу бойынша комиссияға жүгінуге құқылы.

4.8. Келісімшарт тек Білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап қана бұзылады. Бұндай бұйрық Білім алушының өтініші немесе факультет деканының, институт (филиал) директорының ұсынылуы негізінде жасалады.

#### V. Орындаушының, Тапсырыс берушінің және Білім алушының жауапкершілігі

5.1. Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамағаны үшін Тараптар Ресей Федерациясының, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Келісімшартпен қарастырылған жауапкершілік артады.

5.2. Білім беру қызметін көрсету жеткіліксіздігі, сонымен бірге білім беру бағдарламаларымен (білім беру бағдарламасының бөлігімен) қарастырылған толық көлемде көрсетілмегендігі анықталған жағдайда Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша келесілерді талап етуге құқылы:

5.2.1. Білім беру қызметін толық көлемде тегін көрсетуді.

5.2.2. Көрсетілген білім беру қызметінің құнын сәйкесінше төмендетуді.

5.2.3. Көрсетілген білім беру қызметінің жетіспеушіліктерін өз күшімен немесе үшінші тұлғалардың көмегімен жою бойынша жіберген шығындарын өтеуге.

5.3. Егер алты айлық мерзімде Орындаушы білім беру қызметінің кемшіліктерін жоймаса, Тапсырыс беруші Келісімшарттың орындалуынан бас тартуға және шығындардың толық өтелуді талап етуге құқылы. Сондай-ақ, Тапсырыс беруші көрсетілген білім беру қызметінің ауқымды жетіспеушілігін немесе Келісімшарт шарттарынан басқа да ауытқуларды байқаған жағдайда, Келісімшарттың орындалуынан бас тартуға құқылы.

5.4. Егер Орындаушы білім беру қызметін көрсету мерзімінен басталуы (білім беру қызметін көрсету мерзімінен басталуы не (немесе) аяқталуы не (немесе) білім беру қызметін көрсетудің аралық мерзімдерін) кешіктірсе, немесе білім беру қызметін көрсету кезінде оның мерзімінде көрсетілмейтіні айқын болса, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша құқылы:

5.4.1. Орындаушыға жаңа мерзім белгілеуге, сол мерзімде Орындаушы білім беру қызметін көрсетуге кірісу керек не (немесе) білім беру қызметін көрсетуді аяқтау керек.

5.4.2. Білім беру қызметін ақылы қонымды бағаға көрсетуді үшінші бір тұлғаларға тапсыруға және орындаушыдан жіберілген шығындардың өтелуді талап етуге.

5.4.3. Білім беру қызметі құнының төмендетілуін талап етуге.

5.4.4. Келісімшартты бұзуға.

5.5. Тапсырыс беруші не (немесе) Білім алушы осы Келісімшарт бойынша көрсетіліп отырған қызметтердің ақысын төлеу мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші не (немесе) Білім алушы Орындаушыға төлеу мерзімі болған күннен кейін төртінші жұмыс күнінен бастап, кешіктірген әрбір күн үшін қарыз соммасының 0,1% көлемінде өсімпұл төлейді. Өсімпұл тек Білім алушыны оқуға тіркеу туралы бұйрық шыққан күннен бастап есептеледі.

5.6. Тапсырыс беруші (Білім алушы) осы Келісімшартта көрсетілген деректемелер бойынша жіберілген пошталық корреспонденция, электрондық пошта (e-mail) арқылы хат және смс-хабарламалар алған үшін жауапкершілікке тартылады. Деректемелері өзгерген жағдайда Тапсырыс беруші (Білім алушы) Орындаушыны бірден хабарлар етеді.

5.7. Тапсырыс беруші (Білім алушы) инфляция деңгейін ескере отырып, білім беру қызметінің құнын өсіру туралы осы Келісімшартқа қосымша жасалған Қосымша келісімге қол қоймаған жағдайда, Орындаушы көрсетілген қосымша келісімшартты жасасуға мәжбүрлеу туралы талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

#### VI. Келісімшарт мерзімі

6.1. Осы Келісімшарт Тараптар оны жасасқан күннен бастап өз күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

#### VII. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Келісімшартта көрсетілген мәліметтер осы Келісімшартты жасау күніне «Интернет» желісіндегі Орындаушының ресми сайтында орналастырылған ақпаратқа сәйкес келеді.

7.2. Білім беру қызметін беру кезеңі (оқу мерзімі) деп Білім алушының білім беру мекемесіне тіркелген күнінен бастап, мерзімінен бұрын оқудан шығару күніне немесе Білім алушының оқуды аяқтауына байланысты білім беру мекемесінен шығарылуына дейінгі уақыт аралығы есептеледі.

7.3. Осы Келісімшарт \_\_\_\_\_ дана көлемінде, тараптардың әрқайсысына бір данадан құрылған. Барлық даналарының заңды күші бірдей. Осы Келісімшарттың өзгерістері мен толықтырулары тек жазбаша түрде ғана жасалады және Тараптардың үкілетті өкілдерінің қолдары қойылады. Тараптардың осы келісімшартқа қосымша келісімдердің осы келісімшарттың 8 тарауында көрсетілген сәйкесінше қол қойылған және мөрмен бекітілген құжаттардың сканерленген көшірмелерін электрондық пошта мекен-жайы бойынша алмасу жолымен жасалуына рұқсат етіледі, сондай-ақ аталған құжаттардың заңды күші бар деп танылады. Басқа тараппен жіберілген сәйкесінше құжаттың сканерленген көшірмесі жіберілген сәттен бастап алынды деп саналады.

7.4. Келісімшарттың өзгертулері Келісімшартқа Қосымша келісіммен рәсімделеді.

7.5. Осы Келісімшартқа қол қою кезінде Тараптар «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалының директоры қолтаңбасының көшірмесі қолданылатыны туралы келісі.

7.6. Тараптар арасындағы хат алмасу, осы Келісімшарттың 2.1.3. тармақшасында белгіленген жағдайларды ескермегенде, осы Келісімшартта көрсетілген мекенжайлар бойынша тапсырысты көрреспонденция жіберу түрінде жүзеге асырылады.

7.7. Білім алушының оқуға қабылдануы (қайта қабылдануы, ауыстырылуы) туралы бұйрық шықпаған жағдайда Тараптардың Келісімшарт бойынша міндеттемелері тоқтатылды деп саналады.

7.8. Егер Білім алушы федералдық бюджеттен қаржыландырылатын орындарға ауысқан жағдайда, осы Келісімшарт Білім алушының ауысуы туралы сәйкесінше бұйрық шыққан сәттен бастап өз күшін жояды.

7.9. Университет өз қызметін тоқтатқан, сәйкесінше лицензиясы жоққа шығарылған, сәйкесінше білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік аккредиттеуден айырылған немесе сәйкесінше білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік аккредиттеу мерзімі аяқталған жағдайда Университет көмекшіге толған білім алушыларды олардың келісімі бойынша, ал көмекшіге толмаған білім алушыларды олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімі бойынша сәйкесінше деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын басқа мекемелерге ауыстырады. Лицензия күші, мемлекеттік аккредиттеу күші толықтай немесе білім берудің жекелеген деңгейлері үшін, мамандықтың күрделілендірілген топтары үшін, мамандықтар мен дайындық бағыттары үшін тоқтатылған жағдайда, Университет көмекшіге толған білім алушыларды олардың өтініші бойынша, ал көмекшіге толмаған білім алушыларды олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өтініші бойынша сәйкесінше деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын басқа мекемелерге ауыстырады. Мұндай ауыстыруды жүзеге асыру шарттары мен тәртібі Ресей Федерациясының Ғылым және жоғары білім министрлігімен жүзеге асырылады.

Жарғымен, Білім беру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиямен, Мемлекеттік аккредиттеу туралы куәлікпен, Ішкі тәртіп ережелерімен, «ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ ақылы білім беру қызметін көрсету туралы ережесімен; Университет және оның РФ 07.02.1992 ж. № 2300-1 «Тұтанушылар құқығын қорғау туралы» заңының 9,10-баптарымен қарастырылған көлемде жүзеге асыратын білім беру қызметтері туралы ақпаратпен таныстым:

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ Білім алушы \_\_\_\_\_

7.10. Осы Келісімшартта көрсетілген деректемелер бойынша электрондық пошта (e-mail) және смс-хабарлама арқылы хабарлама алуға келісемін. Есептеулер бойынша көрсетілген тәсілдермен хабарламалар жіберу тараптармен Тапсырыс берушінің (Білім алушының) хабарлар етудің дұрыс тәсілі деп қабылданады.

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ Білім алушы \_\_\_\_\_

#### VIII. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

**Орындаушы:** «Челябі мемлекеттік университеті» жоғары білім беретін федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі

454001, Челябинскск., Братьев Кашириных-сі, 129 ұй, СЖН 7447012841, КБС 744701001

Челябі облысы бойынша ФКБ деректемелері («ЧелМУ») ЖББ ФМБББМ)

ЖСК 40503398390001000053

Алушы банкі: Челябинвестбанк ЖАҚ

Корреспондент банк: JSCNalykBank

БСК: HSBKZKX

БСН 000000000000

К/С KZ466010071000000188

Төлем тағайындауы: № \_\_\_\_\_ келісімшарт бойынша білім алуға,мамандығы \_\_\_\_\_, оқу нысаны \_\_\_\_\_

**Тапсырыс беруші:** \_\_\_\_\_  
тел: \_\_\_\_\_ e-mail: \_\_\_\_\_

**Білім алушы:** \_\_\_\_\_  
тел: \_\_\_\_\_ e-mail: \_\_\_\_\_

«ЧелМУ» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалының директоры \_\_\_\_\_ Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_

Директор \_\_\_\_\_ / Р.А. Тюлегенова / \_\_\_\_\_

Білім алушы \_\_\_\_\_